

**«БОЛАШАҚ-КҮН» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**Балабақшаның өзін-өзі бағалау парағының
АНЫҚТАМАСЫ**



Ақсукеңт 2024ж

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	2
1.	Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы	2
2.	Кадрлық құрамға талдау	3
3.	Тәрбиеленушілер контингенті	8
4.	Оқу-әдістемелік жұмыс	11
5.	Оқу-материалдық активтер	19
6.	Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры	23
7.	Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау	24
8.	Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары	34
9.	Қорытынды мен ұсыныстар	34
10.	Бағалау парағы	35

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» (бұдан әрі – *Бағалау өлшемшарттары*), ҚР ОАМ Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 27.12.2022 жылғы № 12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалаудың ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын» басшылыққа алып, «Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі» негізінде 2023 жылғы қараша айында «Болашақ-Күн» бөбекжай-бақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде (әрі қарай – бөбекжай-бақшасы) өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізілді.

Өзін-өзі бағалауды бөбекжай-бақшасы менгерушісімен 2023 жылғы 10 қазандағы № 13 бұйрығымен бекітілген өзін-өзі бағалау бойынша комиссиясымен келесі құрамда өткізілді:

1. Саипова М. Ф., әдіскер – комиссия төрағасы;
2. Едилбаева Ж.Т., тәрбиеші – комиссия мүшесі;
3. Ирназарова М.А, қазақ тілі пән мұғалімі – комиссия мүшесі;
4. Лачинова Х.Б, есепші – комиссия мүшесі;
5. Исламкулова М.З хатшы – комиссия хатшысы.

Комиссия мүшелері барлық Бағалау өлшемшарттарына сәйкес 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының және ағымдағы 2023-2024 оқу жылының нәтижелері бойынша білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша бөбекжай-бақшасы құжаттарына, оның ішінде білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне, қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

1. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (занды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы).

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, веб-сайт). Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (Басшының ФАО және лауазымға тағайындау туралы бұйрық туралы деректер).

Күкык беруші және құрылтайшы құжаттар.

2. Рұқсат етуші құжаттар.

Бөбекжай-бақшасының аталуы: «Болашақ-Күн» бөбекжай-бақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Занды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Аксукуент ауылдық округі, Ақсу ауылы, Ниязали Юлдашев көшесі, № 1үй.

Заңды тұлғаның байланыс деректері:

телефон: 8-701-187-69-80

электрондық пошта: [Bolashakkun.aksukent@mail.ru](mailto: Bolashakkun.aksukent@mail.ru)

web-сайт: <https://bolashak-kun.edu.kz/>

Менгеруші: Сипова Минажат Фазиловна, 2014 жылғы 5 шілдедегі №32/1 бұйрығымен тағайындалған. Байланыс тел: 8-701-187-69-80.

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:

Заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, 2023 жылғы 10 қазанда берілген, БСН 140740005688, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 05.07.2014 жыл.

«Болашақ-Күн» бөбекжай-бақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жарғысы, қатысушылардың 2023 жылғы 04 қазандағы жалпы жиналысымен бекітілген.

б) Рұқсат берілген құжаттары:

- Медициналық қызметпен айналысуға Мемлекеттік лицензия № 22000545 27.12.2022 ж.

- Қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау туралы Талон 05.02.2015ж. № KZ16XXX00004277.

Бөбекжай-бақшасы атауын өзгеруіне байланысты Қызметті жүзеге асыру туралы хабарлама е-лицензиялау порталына қайта жіберілді, қабылдау туралы Талон 07.11.2023ж. № KZ65RVK00051503.

2. КАДРЛЫК ҚҰРАМҒА ТАЛДАУ

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.

Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер.

Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер:

Кемінде бес жылда бір рет педагогтардың біліктілік санатының деңгейін арттыру/распау туралы мәліметтер;

Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің, біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.

Бөбекжай-бақшасының тәрбиелеу және білім беру қызметінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» (бұдан әрі - №385 Үлгілік қағидалар) төмендегі міндеттері орындалуда:

1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;

2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастықта болу;

5) ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын сақтау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету;

6) баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған өзгеретін ойын және тақырыптық зоналарды (аймақтарды) құру.

№385 Үлгілік қағидалар) 22-тармағына сәйкес педагог қызметімен айналысуға педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлға жіберіледі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына» сәйкес педагог лауазымдарға тағайындалады. Педагогикалық кадрларға қабылдау басқарушы мен педагогикалық жұмысшы арасында жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады.

Бөбекжай-бақшаның штаттық кестесі 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі шарттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» №77 қаулысының талаптарына сәйкес түзілген, ал 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын» басшылыққа алынған.

2021-2022 оқу жылында штат кестесінде: меңгеруші 1 шт.бірлік, әдіскер 1 шт.бірлік, педагог-психолог – жоқ шт.бірлік, қазақ тілі мұғалімі 1,5 шт.бірлік, ән жетекшісі және хореограф - 3,5 шт.бірлік, тәрбиешілер - 18,0 шт.бірлік.

Жалпы штат кестесі 47,7 штат бірлігін құрайды, оның ішінде 25 штат бірлігі педагог қызметкерлер, 22,7 штат бірлігі қосалқы және кіші қызметкерлер.

2022-2023 тоқу жылында штат кестесінде : меңгеруші 1 шт.бірлік, әдіскер 1,0 шт.бірлік, педагог-психолог - жоқ шт.бірлік, қазақ тілі мұғалімі 2 шт.бірлік, ән жетекшісі және хореограф – 4 шт.бірлік, дене шынықтыру нұсқаушысы-1 шт. бірлік, тәрбиешілер - 18 шт.бірлік.

Жалпы штат кестесі 48,7 штат бірлігін құрайды, оның ішінде 27 штат бірлігі педагог қызметкерлер, 21,7 штат бірлігі қосалқы және кіші қызметкерлер.

2023-2024 оқу жылында штат кестесінде : меңгеруші 1 шт.бірлік, әдіскер 1 шт.бірлік, педагог-психолог – 0,5 шт.бірлік, қазақ тілі мұғалімі 1,5 шт.бірлік, ән жетекшісі - 2,25 шт.бірлік, дене шынықтыру нұсқаушысы-1 шт. бірлік, тәрбиешілер - 16,5 шт.бірлік.

Жалпы штат кестесі 43,9 штат бірлігін құрайды, оның ішінде 23,75 штат бірлігі педагог қызметкерлер, 20,15 штат бірлігі қосалқы және кіші қызметкерлер.

Штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы бөбекжай-бақшасының ресми сайттында орналастырылған.

Барлық педагогтар мен қызметкерлердің таныстырылып, қолдары қойылған лауазымдық міндеттер мен қауіпсіздік техникасы жөнінде лауазымдық нұсқаулықтары бар.

Бөбекжай-бақшасының педагогтері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына сәйкес жыл сайын медициналық зерттеп-қараудан өтеді.

Бөбекжай-бақшасында 2023-2024 оқу жылында тиісті бейін бойынша жоғары педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтер саны – 16 адам, жалпы санынан үлесі – 66,7%. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі немесе техникалық және кәсіптік мамандығы бар педагогтердің саны – 20, үлесі 83,3 % құрайды.

Кесте-2.1 Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтер туралы мәлімет

Оқу жылы	Педагогтер саны / %	Білім деңгейі				
		МДТО мамандығы бойынша жоғары білім немесе қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтер саны / %	Жоғары педагогикалық білім бар тәрбиешілер саны / %	Бейін бойынша жоғары білім бар педагогтар, саны / % (музыка, хореография, қазақ тілі) саны / %	Жоғары оқу орнынан кейінгі, саны / %	Бейін бойынша техникалық және кәсіптік білім бар педагогтар саны / %
1	2	3	4	5	6	7
2021-2022	16 / 100	2 / 12,6	3 / 18,7	3 / 18,7	0	8 / 50,0
2022-2023	16 / 100	2 / 12,6	1 / 6,3	2 / 12,6	0	11 / 68,5
2023-2024	24 / 100	11 / 45,8	1/4,1	3 / 12,5	2/ 8,3	7 / 29,2

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2

Кесте-2.2 Педагог кадрлардың сапалық құрамы

Оқу жылы	Педагогтер саны	Оның ішінде			
		Жоғары санат, педагог-шебер, педагог-зерттеуші саны/%	Бірінші санат, педагог-сарапшы саны/%	Екінші санат, педагог-модератор саны/%	Санатсыз педагогтар саны/%
2021-2022	16/100	3/18,75	1/6,25	4/25,0	8/50,0
2022-2023	17/100	1/5,9	1/5,9	2/11,7	13/76,5
2023-2024	24/100	7 / 29,2	0	2/ 8,3	15 / 62,5

Бөбекжай-бақшада 2023-2024 оқу жылында педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор санаты бар педагогтердің саны – 9 адам, үлесі - 37,5 %.

Педагог қызметкерлерді аттестаттаудан өткізу жұмыстарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының» талаптары басшылыққа алынған.

Бөбекжай-бақшасында ішілік «Аттестаттау комиссиясын құру туралы» бұйрық шығарылған; аттестаттау бойынша өтініштері қаралғандығы туралы хаттамалары бар; педагог кадрлардың біліктілік санатын растау немесе біліктілік санаты берілгендігі туралы куәлікті беру мәліметі арнайы тіркеу журналына енгізілген. Мектепке дейінгі ұйымы ішілік өткізілген педагогтардың куәліктері тіркеліп отырған. Біліктілік деңгейін лайықты деп растау немесе біліктілік санатын беру туралы куәліктерді беру және оны тіркеу журналы талапқа сай жүргізіледі.

ҚР ОАМ шешімі бойынша 2022-2023 жылындағы аттестаттау рәсімін 2023-2024 оқу жылына қалдырғанына байланысты жалпы 5 педагогтың аттестаттаудан өтуі жоспарланған.

«Болашақ-Күн» бөбекжай-бақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік емес ұйым болып табылады, менгерушінің аттестаттау рәсімі Жарғысымен қарастырылмаған.

Кесте-2.3 Педкадрлардың аттестациядан өткендігі туралы мәлімет

Жылдар	Жос пар	Атте стат	Біліктілік санатын арттырған оқытушылар саны	Біліктілік санатты расталғандар
--------	---------	-----------	--	---------------------------------

			"педагог-модератор"	"педагог-сарапшы"	"педагог-зерттеуші"	"педагог-шебер"	"Педагог-модератор"	"педагог-сарапшы"	"педагог-зерттеуші"	"педагог-шебер"
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
2021-2022	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
2022-2023	5	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Барлығы										
2023-2024 (жоспар)	5	0	0	0	0	0	0	0	0	0

2023-2024 оқу жылында бөбекжай-бақшасында 6 педагогтың біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырмаған (Дулатова Ақбота Убайдуллақызы, Абдипатанова Чарос Камилжановна, Ахметова Матлюба Мамуржановна, Булгенова Райхан Серриковна, Жакинбаева Дина Махамедрахимовна, Саипова Минажат Фазиловна), ал 9 педагогтың педагогикалық өтілі 5 жылдан төмен. **Осылайша, біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі 75% құрайды.**

Мектепке дейінгі оқытқырайдыу мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар

2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабы 1-тармағы 12) тармақшасына сәйкес кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға құқығы бар. Осыған орай, бөбекжай-балабақшасында педагог кадрлардың біліктілік артыру бойынша жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылған, перспективтік жоспарға сәйкес іске асырады.

Бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Саипова Минажат Фазиловна, ҚРБҒМ «Өрлеу» БАҰО» Акционерлік Қоғамы «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» тақырыбы бойынша 15.09.2022 ж. 72 сағат көлемінде №0619439 сертификат алған. 2023-2024 оқу жылында 100% педагог үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курстардан өткен.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар

3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2

3. Тәрбиеленушілер контингенті

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.

Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметтер;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ескере отырып жас топтарының толықтығы туралы мәліметтер;

әр түрлі жас топтарының болуы туралы мәліметтер;

білім алушылар (тәрбиеленушілер) контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер;

білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы мәліметтер;

Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

-балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау,

1 сыныпқа тәрбиеленуші қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерін сақтау.

Бөбекжай-бақша 5 күндік жұмыс аптасымен балалардың 10, 5 сағат болуымен ерекшеленеді.

Бөбекжай-бақшаға 2-6 жасқа дейінгі балалар қабылданады. Мектепке дейінгі білім ұйымындағы тәрбиеленушілердің контингенті:

2021-2022 оқу жылында 8 топта – 200 бала.

2022-2023 оқу жылында 8 топта – 200 бала.

2023-2024 оқу жылында 8 топта – 200 бала.

Контингент туралы барлық мәліметтер Ұлттық білім беру деректер қорына енгізіледі.

Тәрбиеленушілердің контингентінің сандық құрамы санитарлық нормаға сәйкес келеді. Ата-аналармен келісім-шарттар түзілген. Мазмұны талапқа сай.

Кесте -3.1 Тәрбиеленушілер контингенті туралы мәлімет

Рет. №	Топтар атауы	Оқыту тілі	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
1.	«Ботакан» кіші топ (2 жастан бастап)	Қазақ тілі	25	-	13
2.	«Гүлдер» кіші топ (2 жастан бастап)	Қазақ тілі	25	-	12
3.	«Ботакан» ортаңғы топ (3 жастан бастап)	Қазақ тілі	-	25	-
4.	«Улитка» ортаңғы топ (3 жастан бастап)	Орыс тілі	25	25	25
5.	«Ласточка» ортаңғы топ (3 жастан бастап)	Орыс тілі	25	25	25
6.	«Ладушки» ортаңғы топ (3 жастан бастап)	Орыс тілі	-	-	25
7.	«Ладушки» ересек топ (4 жастан бастап)	Орыс тілі	-	25	-
8.	«Ромашка» ересек топ (4 жастан бастап)	Орыс тілі	25	25	25
9.	«Медвежонок» ересек топ (4 жастан бастап)	Орыс тілі	25	25	25

10.	«Солнышко» МАД топ (5 жастан бастап)	Орыс тілі	25	25	25
11.	«Радуга» МАД топ (5 жастан бастап)	Орыс тілі	25	25	25
	Барлығы		200	200	200

Барлығы: 9 топта 200 бала көрсетілген, оның ішінде кіші «Ботакан», «Гүлдер» топтар мемлекеттік тілде, 7 топ орыс тілде жұмыс жасайды.

Ата-аналарының (заңды өкілдерінің) мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беру қажеттілікті қажет ететін тәрбиеленушілер жоқ.

Барлық тәрбиенушілер мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы қабылданған.

Бөбекжай-балабақшада №385 Үлгілік қағидаларының 7-тармағына сәйкес ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтарының толықтыру жүргізіледі:

- 1) кіші топ (2 жастағы балалар) – 12-13 бала, (20 баладан артық емес);
- 2) ортаңғы топ (3 жастағы балалар) – 25 баладан артық емес;
- 3) ересек топ (4 жастағы балалар) – 25 баладан артық емес;
- 4) мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5 жастағы балалар) – 25 баладан артық емес.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар

7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2

Бөбекжай-бақшаға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына» сәйкес іске асырылады. Қабылдау кезінде Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар

- 1) Сайрам аудандық білім бөлімінің қабылдауға арналған жолдама (берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жарамды);
- 2) өтініш;
- 3) көрсетілетін қызметті алушының (ата-анасының бірінің немесе заңды өкілінің) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 4) баланың туу туралы куәлігі немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 5) № 065/е нысанды профилактикалық екпелердің картасы;
- 6) № 027/е нысанды анықтама;
- 7) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы (ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін) құжаттары.

Мектепке дейінгі білім ұйымы мен ата-аналар арасындағы жасалынған шарт «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар көрсететін білім және ғылым саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 қаулысының «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызмет стандартының №1 қосымшасына сәйкес түзілген.

2021-2022 оқу жылына Түркістан облысы Сайрам аудандық әкімдігінің 23.10. 2020. ж. №461 қаулысымен баланың бір күндік ішкен тамағы үшін 3 жасқа дейінгі 326,9 теңгені, 3-тен 6 жасқа дейін 410,9 теңгені белгіленген төлемақы теңгеден көп емес, айына 3 жасқа дейін 6864 теңге, 3 -тен 6 жасқа дейін 8628,9 теңге болып белгіленген.

2022-2023 оқу жылына Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 27 бабы, 2-тармағына , Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 27-бабы 2 тармағының 7-3 тармақшасына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігінің 29.09. 2022. ж. № 185 қаулысымен баланың бір күндік ішкен тамағы үшін 12787 теңге болып белгіленген.

2023-2024 оқу жылына Түркістан облысының әкімдігінің 04.10. 2023. ж. № 21 қаулысымен баланың бір күндік ішкен тамағы үшін 3 жасқа дейінгі 534 теңгені, 3-тен 6 жасқа дейін 649 теңгені белгіленген төлемақы теңгеден көп емес, айына 3 жасқа дейін 11214 теңге, 3 -тен 6 жасқа дейін 13630 теңге болып белгіленген.

Бөбекжай-бақшасында балалар 2014 ж жылы қыркүйек айында басталған балалардың қозғалыс дәптері бар. Дәптер тігіліп, бекітіліп, мекеменің мөрі басылып, меңгерушінің қолы қойылған. Қозғалыс дәптері талапқа сай ұқыпты жүргізілген.

Балаларды қозғалыс дәптеріне есепке алу бойынша соңғы 3 жылдағы бала санының өзгеруі: талапқа сай.

2018 жылы туылғандар – 50 бала келген, 57 кеткен бала бар;

2019 жылы туылғандар – 50 бала келіп, 56 кеткен бала бар;

2020 жылы туылғандар – 75 бала келіп, 0 кеткен бала бар;

2021 жылы туылғандар – 25 бала келіп, 0 кеткен бала бар.

Қорытындысы бойынша 2021 жылдың 1 қыркүйекгі мен 2023 жылдың 1 желтоқсан аралығында барлық келген баланың саны – 200, балабақшадан шығып кеткен баланың саны – 113, бұл мектепке дейінгі білім ұйымындағы балалардың тізіміне сәйкес келеді (бүгінгі таңда 200 бала).

Тәрбиеленушілердің әлеуметтік статусы. Ұлттық құрамы бойынша мектепке дейінгі білім ұйымында қазақ балалар – 3 (1,5%), өзбек - 197 (98,5%), тәрбиеленеді. Отбасы құрамына қарай: толық отбасыдан шыққан бала саны – 200, толық емес отбасыдан шыққан бала саны – 0.

Мектепке дейінгі білім ұйымында әлеуметтік жағдайы төмен отбасы жоқ.

Бөбекжай-бақша өз қызметін **келесі кезеңдер** бойынша ұйымдастырады:

- 1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы;
- 2) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі;
- 3) мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;

4) тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

Балабақшаның 2023-2024 оқу жылындағы Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

№385 Үлгілік қағидаларының 27-тармағына сәйкес Отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін бөбекжай-балабақшасында ата-аналардың қажеттіліктері ескеріліп, консультациялық пункті (КП) құрылды. КП мақсаты - ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын сақтау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету. КП жұмысы бекітілген жылдық жоспарына және консультациялар кестесіне сәйкес өз жұмысын іске асырылуда.

Ата-аналар тарапынан сұранысы болмауына байланысты балабақшада жұмыс күндері және демалыс күндері осы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған және қамтылмаған тәрбиеленушілер үшін білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетету қарастырылмаған.

Бөбекжай-бақшада ата-аналардың тарапынан қажеттіліктері болмауына байланысты аз қамтылған және көп балалы отбасылардан, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін қысқа мерзімді топтар құрылмаған.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшем шарттар:

-жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқы жоспарына сәйкестігі;

-мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшем шарттар:

-тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі және сақталуы.

Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді.

Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда.

2021-2022 оқу жылында «Болашақ-Күн» бөбекжай-бақшасының жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметі:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы мен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына»;

- ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартына»;

- ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына» (ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 195 бұйрығымен бекітілген редакцияда, бұйрыққа 1,2 қосымшаларына);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына»;

- ҚР БҒМ «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығының «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатқа» сүйене отырып әзірленген.

МДҰ-ның негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құруды;

- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамытуды;

- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;
- ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыруды;

- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);

- әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

– ойын арқылы оқыту;

– білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту. Мектепке дейінгі жас баланың жеке тұлғасын қалыптастыру үшін өте маңызды. Бұл жаста балалардың сәйлеу, сенсорлық дағдылары қалыптасады, сондай-ақ ақыл-ой, дене, эстетикалық, патриоттық тәрбие беру көзделеді.

2021-2022 оқу жылының жұмыс оқу жоспарларында Білім беру салалары/ Ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша:

«Ботақан», «Гүлдер» **кіші топтарында (оқыту тілі – қазақ):**
«Денсаулық» - 3 сағат: дене шынықтыру - 3 сағатты құрады. «Қатынас» - 1

сағат: сөйлеуді дамыту - 0,5, көркем әдебиет - 0,5 сағатты құрады. «Таным» - 2 сағат: сенсорика - 0,5, құрастыру - 0,5, жаратылыстану – 1 сағатты құрады. «Шығармашылық» - 3 сағат: сурет салу - 1, мүсіндеу - 0,25, жапсыру - 0,25, музыка - 1,5 сағатты құрады. *Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 10-15 минут. Апталық оқу жүктемесінің көлемі - 9 сағатты құрады. Вариативтік компонент - қарастырылмаған.*

«Ласточка», «Улитка» ортаңғы топтарында (оқыту тілі – орыс): «Денсаулық» - 3 сағат: дене шынықтыру - 3 сағатты құрады. «Қатынас» - 2,5 сағат: сөйлеуді дамыту -1, көркем әдебиет -0,5, қазақ тілі – 1 сағатты құрады. «Таным» - 2,5 сағат: математика негіздері - 1, құрастыру - 0,5, жаратылыстану- 1 сағатты құрады. Шығармашылық» - 3 сағат: сурет салу-1, мүсіндеу-0,25, жапсыру-0,25, музыка -1,5 сағатты құрады. «Әлеумет» - 0,5 сағат: қоршаған ортамен таныстыру - 0,5 сағатты құрады. *Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 15-20 минут, апталық оқу жүктемесінің көлемі - 11,5 вариативтік компонент-0,5 сағат (Хореография -0,5). Барлығы - 12 сағатты құрады.*

«Ромашка», «Медвежонок» ересек топтарында (оқыту тілі – орыс): «Денсаулық» - 3 сағат: дене шынықтыру-3 сағатты құрады. «Қатынас» - 3 сағат: сөйлеуді дамыту - 1, көркем әдебиет - 1, қазақ тілі – 1 сағатты құрады. «Таным» - 2,5 сағат: математика негіздері -1 , құрастыру - 0,5, жаратылыстану – 1 сағатты құрады. «Шығармашылық» - 3,5 сағат: сурет салу - 1, мүсіндеу – 0,5, жапсыру -0,5, музыка - 1,5 сағатты құрады. «Әлеумет» - 0,5 сағат: қоршаған ортамен таныстыру - 0,5 сағатты құрады. *Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 20-25 минут. Апталық оқу жүктемесінің көлемі - 12,5 сағат, вариативтік компонент - 1,5 сағат («Учимся играя!» - 0,5, хореография-1,0). Барлығы - 14,0 сағатты құрады.*

«Солнышко», «Радуга» мектепалды даярлық топтарында (оқыту тілі – орыс): «Денсаулық» - 3 сағат: дене шынықтыру - 2,5, қауіпсіз мінез-күлкі негіздері - 0,5 сағатты құрады. «Қатынас» - 6 сағат: сөйлеуді дамыту-1, көркем әдебиет -1, сауат ашу негіздері - 2, қазақ тілі – 2 сағатты құрады. «Таным» - 2,5 сағат: математика негіздері - 1, құрастыру - 0,5, жаратылыстану- 1 сағатты құрады. «Шығармашылық» - 5 сағат: сурет салу – 1, мүсіндеу -1, жапсыру -1, музыка – 2 сағатты құрады . «Әлеумет» -1,5 сағат: өзін-өзі тану - 1, қоршаған ортамен танысу - 0,5 сағатты құрады. *Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минут. Апталық оқу жүктемесінің көлемі - 18 сағат, вариативтік компонент - 2,0 сағат («Учимся играя!»- 1,0 сағат Хореография 1,0 сағат.) Барлығы 20 сағатты құрайды.*

2022-2023 оқу жылында «Болашақ-Күн» бөбекжай-бақшасының жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметі:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына»;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына»;

- ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына» (ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 195 бұйрығымен бекітілген редакцияда, бұйрыққа 1,2 қосымшаларына);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» (14.10.2022 ж. №422 бұйрықтың редакцияда);

- ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатқа» сүйене отырып әзірленген.

МДҰ-ның негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;

- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;

- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

2022-2023 оқу жылын жұмыс оқу жоспарларында Білім беру салалары/Ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша:

«Ботақан» ортаңғы тобында (оқыту тілі – қазақ): «Физикалық қасиеттерді дамыту» - дене шынықтыру - 3,0, күн сайын, «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» - сөйлемді дамыту және көркем әдебиет коммуникативтік әрекет – күн сайын, қазақ тілі -1,0, күн сайын, «Таным және зияткерлік дағдыларды дамыту» - математика, танымдық зерттеу әрекеті - күн сайын, «Әлеумет-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру» - қоршаған ортамен танысу, зерттеушілік танымдық, еңбек әрекеті – күн сайын. «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» сурет, мүсіндеу,

апликация, құрастыру, шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті - күн сайын, музыка - 1,0, шығармашылық музыка қызметі- күн сайын.

«Ласточка», «Улитка» **ортаңғы топтарында (оқыту тілі – орыс):** «Физикалық қасиеттерді дамыту» - дене шынықтыру - 3,0, күн сайын, «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» - сөйлемді дамыту және көркем әдебиет комуникативтік әрекет – күн сайын, қазақ тілі - 1,0 күн сайын, «Таным және зияткерлік дағдыларды дамыту»-математика, танымдық зерттеу әрекеті - күн сайын, «Әлеумет-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру» - қоршаған ортамен танысу, зерттеушілік танымдық, еңбек әрекеті – күн сайын. «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» сурет, мүсіндеу, апликация, құрастыру, шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті - күн сайын, музыка - 1,0, шығармашылық музыка қызметі - күн сайын.

«Ромашка», «Медвежонок», «Ладушки» **ересек топтарында (оқыту тілі – орыс):** «Физикалық қасиеттерді дамыту» - дене шынықтыру - 3,0, күн сайын, «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» - сөйлемді дамыту және көркем әдебиет комуникативтік әрекет – күн сайын, қазақ тілі - 1,0, күн сайын, «Таным және зияткерлік дағдыларды дамыту» - математика, танымдық зерттеу әрекеті - күн сайын, «Әлеумет-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру» - қоршаған ортамен танысу, зерттеушілік танымдық, еңбек әрекеті – күн сайын, «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» - сурет, мүсіндеу, апликация, құрастыру, шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті - күн сайын, музыка- 2,0, шығармашылық музыка қызметі - күн сайын.

«Солнышко», «Радуга» **мектепалды даярлық топтарында (оқыту тілі – орыс):** «Физикалық қасиеттерді дамыту»: дене шынықтыру - 3,0, күн сайын. «Коммуникативтік дағдыларды дамыту»: сөйлемді дамыту - 2,0, көркем әдебиет - 2,0, комуникативтік әрекет – күн сайын, қазақ тілі - 2,0, күн сайын, сауат ашу негіздері - 3,0, комуникативтік әрекет – күн сайын. «Таным және зияткерлік дағдыларды дамыту»: математика 3,0, танымдық зерттеу әрекеті - күн сайын. «Әлеумет-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру»: қоршаған ортамен танысу - 2,0, зерттеушілік танымдық, еңбек әрекеті – күн сайын. «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»: сурет, мүсіндеу, апликация, құрастыру, -1,0 шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті - күн сайын, музыка - 2,0, шығармашылық, музыка қызметі- күн сайын.

2023-2024 оқу жылында «Болашақ-Күн» бөбекжай-бақшасының білім беру процесі:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына» (№248 07.08.2023 ж. бұйрығымен бекітілген редакцияда);

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына» (№303 04.10.2023 ж. бұйрығымен бекітілген редакцияда);

- ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына» (ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 195 және 09.09.2022ж. № 394 бұйрығымен бекітілген редакцияда, бұйрыққа 1,2,3 қосымшалары);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» (14.10.2022 ж. №422 бұйрығымен бекітілген редакцияда);

- ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатқа» сүйене отырып әзірленген.

Әдістемелік нұсқау хатта негізгі міндеттер белгіленген:

- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

- тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады: - ойын арқылы үйрету; - түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

2023-2024 оқу жылын жұмыс оқу жоспарларында Білім беру салалары/ Ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша:

«Ботақан», «Гүлдер» **кіші топтарында (оқыту тілі – қазақ):**
«Физикалық қасиеттерді дамыту»: дене шынықтыру – 3,0, күн сайын;
«Коммуникативтік дағдыларды дамыту»: сөйлемді дамыту және көркем әдебиет коммуникативтік әрекет – күн сайын, қазақ тілі – 0, «Таным және зияткерлік дағдыларды дамыту»: сенсорика – күн сайын, танымдық зерттеу әрекеті - күн сайын; «Әлеумет-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру»: қоршаған ортамен танысу, зерттеушілік танымдық, еңбек әрекеті – күн сайын; «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»: сурет, мүсіндеу, аппликация, құрастыру, шығармашылық бейнелеу қызметі – күн сайын, музыка – 1,0, шығармашылық музыка қызметі – күн сайын.

«Ласточка», «Улитка», «Ладушки» **ортаңғы топтарында (оқыту тілі – орыс):** «Физикалық қасиеттерді дамыту» - дене шынықтыру-3,0, күн сайын; «Коммуникативтік дағдыларды дамыту»: сөйлемді дамыту және көркем әдебиет комуникативтік әрекет – күн сайын, қазақ тілі -1,0 күн сайын; «Таным және зияткерлік дағдыларды дамыту»-математика, танымдық зерттеу әрекеті -күн сайын; «Әлеумет-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру»: қоршаған ортамен танысу, зерттеушілік танымдық, еңбек әрекеті – күн сайын; «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»: сурет, мүсіндеу, аппликация, құрастыру, шығармашылық бейнелеу қызметі-күн сайын, музыка- 1,0, шығармашылық музыка қызметі- күн сайын.

«Ромашка», «Медвежонок» **ересек топтарында (оқыту тілі – орыс):** «Физикалық қасиеттерді дамыту»; дене шынықтыру-3,0, күн сайын; «Коммуникативтік дағдыларды дамыту»: сөйлемді дамыту және көркем әдебиет комуникативтік әрекет – күн сайын, қазақ тілі -1,0, күн сайын; «Таным және зияткерлік дағдыларды дамыту»: математика, танымдық зерттеу әрекеті - күн сайын; «Әлеумет-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру»: қоршаған ортамен танысу, зерттеушілік танымдық, еңбек әрекеті – күн сайын; «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» сурет, мүсіндеу, аппликация, құрастыру, шығармашылық бейнелеу қызметі - күн сайын, музыка - 2,0, шығармашылық музыка қызметі - күн сайын.

«Солнышко», «Радуга» **мектепалды даярлық топтарында (оқыту тілі – орыс):** «Физикалық қасиеттерді дамыту»- дене шынықтыру - 3,0, күн сайын, «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» - сөйлемді дамыту-2,0, көркем әдебиет-2,0, комуникативтік әрекет – күн сайын, қазақ тілі - 2,0, күн сайын, сауат ашу негіздері-3,0, комуникативтік танымдық әрекет – күн сайын «Таным және зияткерлік дағдыларды дамыту»-математика 3,0, танымдық зерттеу әрекеті -күн сайын, «Әлеумет-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру»- қоршаған ортамен танысу - 2,0, зерттеушілік танымдық, еңбек әрекеті – күн сайын, «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»: сурет, мүсіндеу, аппликация, құрастыру -1,0, шығармашылық бейнелеу қызметі - күн сайын, музыка - 2,0, шығармашылық музыка қызметі - күн сайын.

Бөбекжай-балабақшаның педагогтері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына 1-қосымша - «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесіне және олардың нысандарына» сәйкес тәрбиеші қазақ тілі мұғалімімен, дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушымен, музыкалық жетекшімен (қағаз немесе word word (ворд) немесе pdf (пдф) электрондық форматта) бірлесіп:

1) оқу жылы басталғанға дейін бір рет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде оқу жылына арналған **ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспарын** әзірлейді;

2) апта сайын **тәрбие-білім беру процесінің циклограммасын** жасайды;

3) оқу жылының басында бір рет баланың оқу жылына арналған **жеке даму картасын** әзірлейді және диагностиканың (бастапқы, аралық, қорытынды бақылау) нәтижелері бойынша жеке даму картасына өзгерістер енгізеді.

Педагог балаға:

ненің "дұрыс" және ненің "бұрыс" екенін түсінуді;

сыпайы және мейірімді болуды;

дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді;

қызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді;

тыңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді;

қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды;

физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қимыл ойындарын

ойнауды;

өзі ойнауды;

ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа;

ата-анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен

қамқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды;

өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйретеді.

Бөбекжай-бақшасының талдау жүргізілген мерзімі бойынша барлық топтардағы әдістемелік құжаттар (**ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары, тәрбие-білім беру процесінің циклограммасы, жеке даму карта**) әзірленген, көшірмелері бөбекжай-бақшасының веб-сайтта орналасқан.

Бөбекжай-балабақшада №385 Үлгілік қағидаларының 29-тармағына сәйкес алқалық басқару нысандары - педагогикалық және әдістемелік кеңестер құрылған.

Педагогикалық кеңестің жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізіледі.

Әдістемелік кеңестің жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы №644 бұйрығымен бекітілген «Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесіне» сәйкес жүргізіледі.

Педагогикалық және әдістемелік кеңестердің жылдық жоспарлар, хаттамалар көшірмелері бөбекжай-бақшасының веб-сайтта орналасқан.

«Болашақ-Күн» бөбекжай-бақшасы педагогтердің жетістіктері

2021-2022 оқу жылы алынған марапаттар:

1,2 Дәрежелі Диплом Республикалық «Біз өмірдің гүліміз» ән-би, жыр-күй жанры бойынша марапатталғандар:

Тәрбиеленушілер: Камилжанова С.У.; Абдувахидов Б.М.; Тойчибмев М.Х; Бахадирова С.Х.; Хикматбекова С. Маккамбаева Р.М;

